

«Құрылыстағы дизайнерлік жұмыстар» кәсіптік стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Құрылыстағы дизайнерлік жұмыстар» кәсіптік стандарты білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, қызметкерлер мен білім беру мекемелерінің түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды мәселелерді шешуге арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

біліктілік – қызметкердің нақты еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болу деңгейі;

біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер дайындығы мен құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) – еңбек нарығы тарапынан мамандар біліктілігіне деген сұраныс пен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, сондай-ақ еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек міндеттері мен құзыреттілігінің ұқсас жинағын болжайтын шағын топтар жиынтығы;

кәсіби шағын топтар – еңбек міндеттерінің тұтас жинағымен және оларды орындауға қажетті құзыреттіліктермен қалыптасқан, мамандықтар жиынтығы;

кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі;

кәсіп – білімі туралы тиісті құжатпен расталатын және арнайы дайындықтың нәтижесінде пайда болған арнайы білім, білік мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін адам еңбегі қызметінің негізгі түрі;

еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

БА - басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

2. Кәсіптік стандарт паспорты

3. Кәсіптік стандарттың атауы: Құрылыстағы дизайнерлік жұмыстар.

4. Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: Осы кәсіби шағын топтың кәсіптер тізбесін жасау және анықталған кәсіптер үшін кәсіп карточкаларын әзірлеу.

5. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Құрылыстағы дизайнерлік жұмыстар дизайн-жобаларды жасауды, тұрғын үй және өзге үй-жайлардың интерьерін, аяқталған дизайн-жобалардың құжаттамаларын ресімдеуді қамтиды.

6. Негізгі топ: Сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақ және талдау саласындағы қызмет (жұмыста).

Кәсіби топ: Сәулет саласындағы қызмет (жұмыста).

3. Кәсіп карточкалары

7. Кәсіптер тізбесі:

дизайншы, СБШ бойынша 6 біліктілік деңгей;

Кәсіп карточкасы осы Кәсіптік стандарттың қосымшасында келтірілген.

КӘСІП КАРТОЧКАСЫ «Дизайншы»	
Кәсіп коды	
Кәсіп атауы	Дизайншы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	6
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	Санатсыз – II-I санатты
Кәсіби білім деңгейі	СБШ-ның 6-деңгейі
	Жоғары білім (бакалавриат).
Еңбек функциялары:	1) Жұмысты өңдеу бойынша орындау және дизайн- жобаның жүзеге асырылуын авторлық қадағалау.
Еңбек функциясы 1	СБШ-ның біліктілік деңгей: 6 (санат: санатсыз, II санат, I санат)
	Біліктері мен дағдылары:
Жұмысты өңдеу бойынша орындау және дизайн- жобаның жүзеге асырылуын авторлық қадағалау.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дизайн-жоба өңдеу жұмыстарына қатысу: өндірістік және тұрмыстық өнімдерді белгілеу, ұйымдастырулар және ұйымдардың құрылыс ғимараттары 2. Жобаланып жатқан құрылымдардың эстетикалық сапасын және қолдану ерекшелігін жоғары деңгейде, эргономика талабы бойынша олардың технико-экономикалық талаптарына сәйкес және өндірістік прогрессивтік технологияларын қамтамасыз ету. 3. Кәсіби терминологияны, дизайн ұғымдары мен санаттарын жақсы білу. 4. Сенімді пайдаланушы деңгейінде компьютерді игеру. 5. Жобаны және оның кезеңдерін жүзеге асыру мерзімін анықтау. 6. Табиғи, көркем мәнерлі және жайлы орта қалыптастырудың өзекті әлеуметтік-экологиялық міндеттерінің шешімін қамтамасыз ету. 7. Дизайн-жоба әзірлегенде бастапқы мәліметтерді нақтылау. 8. Тұрғын үйдің, коммерциялық және қоғамдық үй-жайлардың интерьерлік дизайн жобасын жасау. 9. 3D-визуалдауды және үй-жайлар дизайн-жобалары үшін сызбалар әзірлеу. 10. Дизайн-макет әзірлеу. 11. Шектес-мамандармен өзара әрекеттесіп жобалық шешімдерді әзірлеу. 12. Жобалау барысында дизайн-шешімнің жүзеге асырылуын авторлық қадағалау
	Білімі:
	1. Жобалау барысында қолданылатын техникалық құралдар

	<ol style="list-style-type: none"> 2. Заңнамалықтар ,Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері 3. Дизайн-жобалау негіздері. 4. Эргономикаға қойылатын талаптар. 5. Құрылыс нормалары мен ережелері, МемСТ-лар. 6. Сәулет-дизайнерлік жобалаудың модельдеу теориясы мен әдістерінің негіздері. 7. Композиция, визуалды қабылдау заңдылығының негіздері. 8. Қазіргі құрылыс материалдары, конструкциялары мен технологиялары. 9. Сәулеттік ойды дамытудың және білдірудің өзекті құралдары (графикалық,макеттік, компьютерлік, вербалды, бейне және т.б.). 10. Компьютерлік бағдарламалар. 11. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге және ресімдеуге қойылатын талаптар. 12. Жобалау және есеп жүргізу әдістері. 13. Сәулет объектілерін жобалау, құрылысын салу және пайдалану технологиясы. 14. Сәулет құрылысында қолданылатын құрылыс материалдары мен конструкцияларының түрлері мен қасиеттері. 15. Нормативтік-құқықтық және нормативтік құжаттар. 16. Еңбек заңнамасы. 17. Жобалау құжаттамасының құрылымы мен негіздері. 18. Құрылыс материалдары мен конструкцияларының түрлері мен қасиеттері. 19. Экологиялық сараптама жүргізу. 20. Жобаланатын нысанға қойылатын талаптар. 21. Техникалық, экономикалық, әлеуметтік талаптар. 22. Еңбекті қорғау нормалары мен ережелері.
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Шығармашылық және көркемдік қабілеттер. Креативтілік.
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	
Кәсіптік стандарттың техникалық мәліметтері	
Әзірленген	«MG-Build» ЖШС
Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы	Нұсқа 1, 2014 жыл
Болжалды қайта қарау датасы	2017 г.